



050027 Алматы қ-сы, Наурызбай ауд-ы, Ақназар ы-а,
БСТК Малинка №9
Тел: +77751409988, +77029812964
e-mail: altynglobus.academy@gmail.com

050027 г. Алматы, Наурызбайский р-н, мкр. Аюкар,
ПНСТ Маливка №9
Тел: +77751409988, +77029812964
e-mail: altynglobus.academy@gmail.com

Шығыс хат №1-1510/08-2
27 қаңтар 2021 жыл

ҚР Білім және Ғылым министрі
Аймағанбетов А.Қ. мырзаға

ҚР Тұңғыш Президенті-Елбасы қоры мен Мемлекеттік тілдерді дамыту қорының білім саласындағы арнайы сыйлығы мен стипендиясының иегері «Алтын глобус» халықаралық білім мен ғылым және мәдениетті дамытудың оқу-әдістемелік, ғылыми-инновациялық академиясының бастамасымен ҚР Білім және ғылым вице-министрі Ш.Каринованың 2019 жылдың 2 қазанындағы №3584-01-10661/13-12 хатына сәйкес академияның жұмысын жемісті атқару үшін жергілікті атқарушы органдармен байланысты жандандыру мақсатында, педагог мәртебесін көтеруге арналған жыл сайынғы дәстүрлі түрде республика ұстаздарының арасында өткізіліп келе жатқан үздік жобалардың бірі VII Республикалық «ЕҢ ҮЗДІК ИННОВАТОР ПЕДАГОГ» байқауын жариялайды. 2020-2021 оқу жылында жетінші мәрте өткізілгелі отырған байқауға өтініштер **2021 жылдың ақпан айынан бастап наурыз айының 28 жұлдызына дейін** қабылданады.

Еліміздің барлық өңірлерін қамтитын бұл байқау – мұғалімнің мәртебесін көтеріп, педагогикалық шеберлігін арттыруға, жаңа ғасырдағы жаңа форматтағы мұғалім келбетін қалыптастыруға, білім саласына жаңа инновация енгізуге бағытталған. Байқаудың жеңімпазына қомақты қаржылай жүлделер мен сертификаттар табысталады.

Осыған байланысты байқау шарттары мен ережелерін барлық білім ордалары мен мектеп ұстаздарының, балабақша қызметкерлерінің, колледж және университеттер басшылығының назарына ақпараттық хат ретінде жеткізуіңізді, сонымен қатар ақпараттық хаттың таратылғандығы жөнінде мәлімет беруіңізді сұраймын.

Қосымша 5 бетте.
Академия директоры,
ҚР Журналистер Одағының
ҚР Бас редакторлар клубының мүшесі



А.С. Шүііншәлі

БЕКІТЕМІН:
«АЛТЫН ГЛОБУС» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БІЛІМ МЕН
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТТІ ДАМУДЫҢ
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК, ҒЫЛЫМИ-
ИННОВАЦИЯЛЫҚ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ
ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ТӨРАЙЫМЫ
_____ САПАРҒАЛИЕВА Н.С.
«27» қаңтар 2021ж.



БЕКІТЕМІН:
«АЛТЫН ГЛОБУС» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БІЛІМ
МЕН ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТТІ
ДАМУДЫҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК,
ҒЫЛЫМИ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ АКАДЕМИЯСЫ
ДИРЕКТОРЫ
_____ ШҮЙІНШӘЛИ А.С.
«27» қаңтар 2021ж.



**2020-2021 оқу жылына арналған
VII РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «ЕҢ ҮЗДІК ИННОВАТОР ПЕДАГОГ»
БАЙҚАУЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ**

I. Байқаудың мақсаты мен міндеттері

- Республика бойынша кез-келген білім беру салаларының мамандарының ішінен ең үздігін анықтау;
- Мемлекет басшысының педагог мәртебесін көтеру туралы тапсырмасын жүзеге асыруға үлес қосу;
- Педагогикалық тәжірибе жинақтау және кеңейту, білім ордаларындағы мұғалім мәртебесін көтеру;
- Сайысқа қатысушыларды байқауға қатыса отырып, республикалық деңгейде өздерінің педагогикалық тәжірибелерімен бөлісуіне мүмкіндік беру;
- Заманауи білім беру жүйесіне сәйкес жаңашыл педагогтарды анықтау, марапаттау;
- Педагогтарды ғылыми жұмыспен айналысуға баулу, ғылыми сауаттылығын арттыру.

II. Байқаудың өту тәртібі

- Байқауды өткізу және ұйымдастыру ісімен «Алтын глобус» халықаралық білім мен ғылым және мәдениетті дамытудың оқу-әдістемелік, ғылыми-инновациялық академиясы айналысады. Ұйымдастырушы қатысушыларды тіркеуді, жұмыстарды сараптауды, қорытынды шығаруды, марапаттауды жүзеге асырады.
- ЖОО-ның профессорлары мен ғылым кандидаттарынан, білім басқармасының өкілінен, білім бөлімінің мамандарынан, сонымен қатар ұйымдастыру алқасының өкілдерінен арнайы ғылыми-әдістемелік кеңес құрылып әр кезең жеңімпаздары анықталады.
- Әділ қазылар алқасының шешімі қайта қарауға жатпайды.
- Байқауға жіберілген материалдар мен жұмыстар кері қайтарылмайды.

- Байқаудың марапаттау рәсімі жеңімпаздар анықталған уақыттан кейін 10 күн ішінде жүзеге асырылады.
- Байқауға кез-келген білім ордаларының (мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі және жалпы білім беретін) педагогтары, МАД тәрбиешілері, балабақша тәрбиешілері, арнаулы орта оқу орындарының, колледж, ЖОО-ның педагогтары, оқытушылары, педагог-психологтары қатыса алады.

III. Байқаудың кезеңдері

- Байқау III кезеңнен тұрады. Әр кезеңнің тапсырмалары ғылыми-әдістемелік кеңестің (бұдан әрі ғылыми-әдістемелік кеңес) шешімімен бекітіліп, дайындалады.
- Байқауға өтінішті арнайы толтырылу үлгісі жазылған парақшамен жібереді. (қосымша 6)
- Байқаудың I кезеңінің тапсырмалары байқауға қатысу туралы өтінішпен бірге жолдануы тиіс.

IV. Байқау тапсырмалары

4.1. I кезеңнің тапсырмалары

✓ **Тапсырма 4.1.1.** мұғалімнің жеке портфолиосының электронды нұсқасы. Портфолио құрылымы төмендегідей болуы тиіс: 1-бет: титул парағы; 2-бет: жеке төлқұжат көшірмесі; 3-30-бет: еңбек биографиясы (бұл бөлімге еңбек еткен уақыттары және лауазымдары, ғылыми мақалалар тізімі, саны т.б., жетістіктерін растайтын құжаттары, грамоталары, сертификаттары т.б). Соңғы 5 жылғы нәтижелер ғана салынуы тиіс. (берілетін ұпай саны – 5)

✓ **Тапсырма 4.1.2.** Бұрын басылым беттерінде жарияланбаған мақала (зерттеп жүрген тақырыбына сәйкес) (берілетін ұпай саны – 15)

✓ **Тапсырма 4.1.3.** Зерттеу тақырыбына байланысты 1 сабақ жоспары және оның өту барысы туралы қысқаша рефлексивті есеп (100-200 сөз көлемінде) (берілетін ұпай саны – 10)

✓ **Тапсырма 4.1.4.** Әдістемелік, шығармашылық жұмыстардың нәтижелері, авторлық бағдарлама, әдістемелік ұсыным, әдістемелік құралдары (болса) электронды оқулықтар). Әдістемелік нұсқаулық және т.б. «Үздік авторлық бағдарлама», «Үздік әдістемелік құрал». «Үздік шығармашылық жұмыс» иегерлері анықталып, марапатталады. (берілетін ұпай саны – 10)

✓ **Тапсырма 4.1.5.** «Мен «Ең үздік инноватор педагогпын» деген тақырыпта эссе жазылуы тиіс (300-500 сөз). (берілетін ұпай саны – 10)

✓ **Тапсырма 4.1.6.** Мекеме басшысының немесе жеке тұлғаның байқауға қатысу туралы өтініші.

✓ **Тапсырма 4.1.7.** Байқауға қатысу үшін төленген түбіртек көшірмесі (сканер).

Ескерту: құжаттарды реттіліктерді сақтай отырып жіберуі тиіс.

Әр тапсырма бойынша ұпайлар анықталған. Жоғарғы ұпай- 50. Екінші кезеңге өту үшін 30 ұпайдан асуы тиіс.

4.2. II кезеңнің тапсырмалары

- Екінші кезеңге жолдама алған мұғалімдер Алматы қаласына шақырылады. Арнайы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Философия және саясаттану факультеті, «Жалпы және қолданбалы психология» кафедрасының жанындағы **«Психологиялық инновация және технология» орталығымен бірлесе** тағайындап бекіткен **«Педагогика және психология»** саласы бойынша тест тапсырмалары алынады. Сонымен қатар арнайы жағдаяттық тапсырмалар байланысты тапсырмалар беріледі. Тест тапсырмасы 21 сұрақтан тұрады. («А» деңгейінің тапсырмасы-15 ұпай, «В» деңгейінің тапсырмасы 10 ұпай, және «С» деңгейінің тапсырмасы 5 ұпай. Жалпы ұпай саны – 30. Келесі кезеңге өту үшін 10 ұпайдан кем жинамауы тиіс.

4.3. III кезеңнің тапсырмалары

- III кезеңде қатысушылардың тәжірибелік жұмысымен бөлісу таныстырылымы өтеді. Қорғауға берілетін уақыт **5 минут. Бағаланатын критерийлер:**
 - Жұмыс тақырыбы;
 - Жұмыстың өзектілігі мен маңыздылығы;
 - Мұғалім(педагог) тәжірибесі үшін жұмыстың құндылығы;
 - Жұмыстың нәтижелілігі.
- Қатысушы үміткерлердің жұмыстары **2021 жылдың наурыз айының 28 жұлдызына** дейін **altnglobus.academy@gmail.com** электронды почтасына қабылданады.

V. Байқаудың марапаттау рәсімі

Барлық қатысушыларға республикалық байқауға қатысқандығын арнайы растайтын сертификат беріледі. Байқаудың қорытынды марапаттау рәсімі Алматы қаласында өткізіледі. Байқаудың ақтық кезеңіне өткен қатысушылар «Алтын кітап» энциклопедиясына енгізіледі және республикалық ғылыми-педагогикалық журналдың бір саны арнайы жеңімпаздарға арналатын болады. Мекеме басшысының атына арнайы алғыс беріледі. Сонымен қатар, орталыққа бірлесіп жұмыс жасауға шақырылады.

Бас жүлде (1) - диплом, байқау үшін арнайы тағайындалған **«Инноватор педагог»** статуеткасы және бас жүлде иегеріне арналған **100 000 теңге** сыйақы тағайындалады. **«Білім беру саласының үздігі» төсбелгісі** тағайындалады.

I орын(1)- диплом, жеңімпаз медалі, естелік сыйлық.

II орын(2)- диплом, жеңімпаз медалі, естелік сыйлық.

III орын(3)- диплом, диплом, жеңімпаз медалі, естелік сыйлық.

Алғыс хат (3)- диплом, ғылыми мақаласы жарияланған журнал, естелік сыйлық. Қатысушылардың деңгейіне байланысты жүлделердің санында өзгерістер болады. Қосымша жүлделер тағайындалады.

Арнайы жүлделер:

- «Алтын глобус» жүлдесі (тағайындаушы: «Алтын глобус» халықаралық білім мен ғылым және мәдениетті дамытудың оқу-әдістемелік, ғылыми-инновациялық академиясы).

- ҚР Еңбегі сіңген педагогы, «Құрмет» орденінің иегері Қанипа Бітібаева атындағы арнайы жүлде: «**Қанипа Бітібаева**» төсбелгісі. «**Ұстаз мейірімі**» атты Қ.Бітібаева атындағы стипендия.

- «**Қазақ университеті**» баспа үйі атынан арнайы сертификаттар табысталады.

- Орталықтың арнайы номинациялары тағайындалады.

- «Қанипа әлемі», «Инноватор», «Білім кеңістігі және педагогикалық әдістеме» республикалық ғылыми-әдістемелік журналдарының арнайы жүлделері табысталады.

Байқауға қатысу үшін **8000 тг** көлемінде ұйымдастыру жарнасы төленеді. Жарнаның құрамына – тіркеу жұмыстары, сараптау жұмыстары, марапаттарды әзірлеу, қазпочталық қызмет құны кіреді. Төлемақы Халық банкі арқылы немесе Қазпочта арқылы жүзеге асырылады. Басқа банк бөлімшелерінің кассасынан төлем жасауға болады.

Төлемақының мақсаты: Республикалық «Ең үздік инноватор педагог» сайысы. Төлемақы жіберуші түбіртеккі сканерлеп, байқауға қатысу өтінішімен бірге жолдайды.

Біздің реквизит:

Банк атауы: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ; БИК: HSBKZZKX

«Алтын глобус» халықаралық білім мен ғылым және мәдениетті дамытудың оқу-әдістемелік, ғылыми-инновациялық академиясы

БИН/ИИН: 151040022578

KZ396010131000249601-KZT

Кбе-17

КНП-861

Қосымша: Байқауға жіберілген ғылыми баяндамалар мен мақалалар Республикалық ғылыми жинақта, журналда жарияланады. Журналды алу құны- **5000 теңге**. Сертификаты тегін беріледі. **Қатысу үшін төлем жасау жөнінде және байқауға қатысты туындаған сұрақтар бойынша қосымша ақпарат алу телефондары: +7775 140 99 88; +7702 981 29 64.**

БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУ ЖӨНІНДЕГІ ҰСЫНЫС

**VII Республикалық
«Ең үздік инноватор педагог» байқауының
ұйымдастыру алқасына**

Ұсыныс

(Облыс, қала, аудан, ауыл)-ындағы №----- мектептің -----
пәнінің мұғалімі -----
VII Республикалық «Ең үздік инноватор педагог» байқауына қатыстыруыңызды
сұраймыз.

**VII Республикалық «ЕҢ ҮЗДІК ИННОВАТОР ПЕДАГОГ» байқауына
қатысушы анкетасы**

Аты –жөні (құжат бойынша)	
Туған күні, айы, жылы	
Жұмыс орны(облыс, қала, аудан, ауыл, мекен-жайы толық, индекс)	
Мекеме басшысының аты- жөні(толық)	
Лауазымы	
Еңбек өтілі	
Мектептің e-mail адресі	
Қатысушының e-mail адресі	
Қатысушының байланыс телефоны	

Анкетада мекен-жайды және индексті дұрыс көрсетулеріңізді сұраймыз. Марапаттар дұрыс жеткізілмеген жағдайда мекен-жайды жіберуші тарап жауапты болады.

**Мектеп директоры/
директордың оқу жұмыстары
жөніндегі орынбасары**

_____ (мөр орны)